



# АЛАТАУ Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№20(30) 17 мамыр 2024 жыл

**Жастар форумы**

## ЕЛ БОЛАШАҒЫ СЕНІМДІ ҚОЛДА

Тәуелсіз мемлекетіміздің жарқын болашағы, еліміздің ертеңі білімді де, білгір, ақылды да, дарынды жастардың қолында екендігі-ақиқат. Бүгінде жастар алдыңғы буын ағалардың жолын лайықты жалғастырып, өздерінің сенімді ізбасар екендігін нақты істерімен дәлелдеуде. Соның айқын көрінісі облыс орталығы Қонаев қаласында сәуір айының алғашқы онкүндігінде өткен «Алатау жастары» жастар ұйымының «Жаңа Қазақстанды бірге құрайық!», «Біз біргеміз» атты облыстық форумда анық байқалды. Осы форумда облыс жастарының қоғамдағы ролі, олардың алдында тұрған келелі мәселелер мен міндеттер жан-жақты сараланған болатын. Сонымен бірге облыстық «Алатау жастары» ұйымы сияқты ұйымдарды әрбір ауданда құру мәселесі де көтерілген еді.



Осыған байланысты облыстың барлық аудандарында жастар ұйымын құру мәселесі жеделдетіп қолға алынды. Яғни аудандарда да «Жаңа Қазақстанды бірге құрайық!», «Біз біргеміз» атты форум өтіп, жастар ұйымдары құрылып, оның басшылары мен президиум мүшелері сайланды. Айталық, мұндай форумды өткізуді ең алғашқы болып Қарасай ауданы қолға алды. 17 сәуірде Қарасай ауданында облыстық «Алатау жастары» ұйымы өкілдерінің қатысуымен жоғарыда аталған тақырыпта форум өткізіліп, аудандық «Алатау жастары» ұйымы құрылып, басшылығына аудандық мәслихат депутаты, ұлттық республикалық федерациясының Алматы облыстық филиалының жетекшісі Бекжан Батырбекұлы Сүнбеков сайланды. Райымбек ауданында да дәл осындай форум өтіп, жастар ұйымының төрағалығына бірауыздан Данияр Дүйсенұрұлы Ғабиден ұсынылды. Ұйғыр ауданында өткен



жастар форумына қатысушылар жастар ұйымының жетекшісі болуға Мунира Елшатқызы Мұртазаеваны лайық деп бірауыздан шешім қабылдады. Балқаш ауданында да дәл осындай шара өтіп, аудандық жастар ұйымының төрайымы

болып Сымбат Асқатқызы Нұрпейіс сайланды. Еңбекшіқазақ ауданындағы жастар форумында Қымбат Әділқызы Дәуке ұйымның төрайымы болды. Іле ауданында жастар ұйымының басшылығына аудандық жастар ресурстық

орталығының бас маманы Мадияр Жанболатұлы Орынбасар ұсынылды. Қонаев қалалық жастар ұйымының тізгінін Дидар Айдарұлы Жұмахан ұстады. Сол сияқты Талғар, Кеген, Жамбыл аудандарында да жастар форумы өтіп, ұйымның басшылығына Талғарда Еркебұлан Есетұлы Қыдырбеков, Кегенде Алмас Жомартұлы Сейітқожа, Жамбыл ауданында Айдын Серікұлы Жүнісов жастар ұйымының басшылығына сайланды.

Барлық аудандарда өткен жастар форумдарында ұйымдастырушылық мәселесінен басқа жастардың белсенділігін арттыру, жастар саясатының басым бағыттарын жүзеге асыру, жас азаматтар арасында жұмыссыздықты жою, олардың озық идеялармен қаруланып, өз өлкесінің дамып, өркендеуіне барынша үлес қосыу үшін бар мүмкіндіктерін жұмылдыруы жайында көптеген ой-пікірлер айтылды. Өз кезегінде форумға қатысқан аудандық ардагерлер ұйымының төрағалары, ақсақалдар жастарға үлкен сенім артып, оларға ақ баталарын берді.

Роза АЙДАРБЕКОВА.

**ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ**

**Қонаевта екі көшенің атауы өзгереді**  
- Қонаев қаласындағы Центральная және Фрунзе көшелерінің атауы өзгереді. Мұндай шешімді депутаттар қалалық мәслихаттың XXVII сессиясында қабылдады.

Қала әкімдігінің мәліметінше, Центральная көшесіне балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың, Фрунзе көшесіне Кеңес Одағының бағыры, Халық қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетовтың есімі берілуі мүмкін. Бұл мәселе облыстық мәслихатта да қаралады.  
KAZINFORM.



**Подросток получил пулевое ранение грудной клетки в Алматинской области**  
В Илийском районе Алматинской области мальчик 2011 года рождения получил пулевое ранение, играя на берегу озера недалеко от дома, передает Tengrinews.kz со ссылкой на «Пятый регион».



По информации пресс-службы полиции региона, пуля была предназначена для стрельбы из пневматики. «Для установления обстоятельств, при которых несовершеннолетний получил пулевое ранение, в ЕРДР УП Илийского района зарегистрировано уголовное дело. Установлено, что пуля предназначена для стрельбы из пневматического оружия. Назначены все необходимые экспертные исследования. Расследование продолжается», - сообщили в полиции.

**Қонаевта пайдаланылмай жатқан 7 мың гектар жер бар**  
- Қонаев қаласының Бас жоспарына сай жұмыс жүргізу үшін шаһардағы жер учаскелерінің барлығына мониторинг жүргізіліп, түгенделді. Биыл пайдаланылмай жатқан 7000 гектар жерді мемлекет меншігіне қайтару жоспарда бар.

Алматы облысы әкімдігінен атап өткендей, Қонаев қаласында проблемалық бірнеше жер учаске бар. «Мысалы, 18 шағын ауданда мәдени ойын-сауық орталығына арналған жердің нысаналы мақсаты тұрғын үй құрылысына өзгеріп кеткен. Қазір мұнда аумағы 0,10 гектардан 6 жер иесі бар. Бұған дейін осы жердегі ағаштарды кесу және құрылыс жұмыстары әкімдік тарапынан тоқтатылған болатын. Бұл мәселені жер иелеріне басқа шағын ауданнан жер беру арқылы шешу көзделіп отыр», - деп атап өтті әкімдіктен.  
KAZINFORM.



**Автогонщик под «кайфом» задержали в Алматинской области**  
Полицейские Алматинской области задержали 21-летнего мужчину, подозреваемого в угоне автомобиля, сообщает Kazpravda.kz со ссылкой на информационный медиапортал МВД РК.



«По словам начальника ДП Алматинской области Бауржана Аленова, медицинское освидетельствование подтвердило, что задержанный находился в наркотическом опьянении. Каких-либо документов, дающих право на управление автотранспортом, у него не оказалось. Водворив изъятый автомобиль на специализированную стоянку, полицейские доставили подозреваемого в ближайшее управление полиции. Начато уголовное разбирательство.»

**БҮГІНГІ САҢНАН ОҚИТЫҢДАРЫҢЫЗ:**

**ӘКЕНІ ҰЛЫҚТАУ - БІЗДІҢ МІНДЕТІМІЗ**



2-бет

**АҒА ҰРПАҚҚА ТАҒЫМ**



3-бет

**БЕСПРЕЦЕДЕНТНЫЙ ШАХМАТНЫЙ МАРАФОН ПРОДОЛЖИЛСЯ В АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ**



4-бет





12 мамыр-аналар күні

## ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІ...

Қазақ халқының сақталынып қалуы-қазақ әйелдерінің арқасы. Бұл әсіре мақтау емес, бұл-шындық. Көпшілік көргісі келмейтін, мойындағысы келмейтін ақиқат. Сау санамызбен қарасақ, нағыз ақиқат-осы. Біз-тозақтың сан сатысынан өткен халықпыз. Әр тозақтан кейін біздің ұлтымызды әйелдер сақтап қалды.

Ақтабан шұбырындыда халықтың үштен бірі қырылды. Әйелдер өмірге ұрпақ әкеліп, сақтап қалды. Жиырмасыншы ғасырда біз құрып кетудің алдында тұрдық. Өткен ғасырға әлемдегі ең көп халық болып кіріп, ең аз халықтың бірі ретінде шықтық. Бірақ жойылмадық. Әйелдер біздің ұлтты құтқарып қалды. 1916 жылғы ұлт-азаттық соғыс, артында 1919-1921 жылы бір жарым миллион қазақ қырылған аштық, 1931-1933 жылы үш миллион қазақты қасақана қырғынға ұшыратқан геноцид, 1937-1938 жылдардағы ату, асу, 1941-1945-тегі қазақты қатысы жоқ соғысқа айдап салу саясаты бізді ұлт ретінде жойып жіберу тиіс еді. Миллион-миллион өліктер... Отарлаушы елдің билігі миығынан күліп, «осы бағытпен бара беретін болсақ, аз уақыт ішінде бір кездегі тұтас ұлт болған қазақ ұлтының алдағы күні қараңғы, тарих сахнасынан кетеді» деп, іштей ойлады. «1959 жылы қазақ өз жерінде 29 пайыз болып қана қалды, саудасы бітті» деді коммунистік Мәскеу.

Бітпедік. Саудамызды әйелдер бітірмеді. Біздің ұлтты солар тағы құтқарды. Алтын құрсақ аналар өмірге сегіз-он баладан әкелді. Жарты ғасырлық қырғынға қазақ аналарының жауабы осы еді. Керемет жауап. Бас иетін жауап. Біз ұмытпайтын жауап. Қазақ қайта тірілді. Оған ұлт ретінде жан берген қазақ әйелі еді. Тоқсанның тоқырауы келді. Жұмыссыздық,

дағдарыс. Елде қаржы жоқ. Сол сәтте де аналар елді алға сүйреді. Сауда жасады, ала дорба аркалап, отбасын асырады.

Қазақ әйелінің образы кең. Ол-батыр, ол-ардақты ана, ол-аяулы жар, ол-ұлтты сақтаушы, ол-отбасының ұйытқысы, ол-тәлім-тәрбие бе-



руші. Қазақ әйелі-кең ұғым. Оны тек шынайы қазақ елі ғана түсіне алады.

Қазақ халқы әйелді сан ғасыр құрмет тұтып келеді. Европада әйелді мыстанға тенең, отқа жаққанда, араб оларды тірідей жерге көмгенде біз қадыр тұтып, қастерлегенбіз. Оған Тұмар, Бопай, Назым, Гаухар, Зере, Ұлжан, Айғанымдар дәлел. Сондықтан қазақ әйелінің қандай болу керектігін бізге араб пен Батыстың үйреткені қаншалықты дұрыс? Бізге әйелдің қоғамдағы рөлін басқалар үйретпесін. Араб сияқты әйелді тұмшалап, үйге қамап, қажетті сәтте ұрып, қажетті сәтте талақ ететін тексіз емеспіз. Әйелдің шынайы нәзік табиғатын

ұмыттырып, жалған идеологиясын санасына сіңіріп, қартайған шағында құшағында немере емес, мысығын құшақтап отыратын жолды да құп көру-қателік. Біздің өз жолымыз, өз болмысымыз бар.

Ия, қоғамда әйел құқығын таптайтындар бар. Ол жасырын емес. Ұрып-соғатындар да, әйелді төмен санап, құл сияқты ұстау керек дейтіндер де, қысып ұстап, әйелді таяққа жығуға жақындау, бейім түсініктегі адамдар да жетерлік. Оларды заңмен жазалау керектігін әлбетте қолдаймын. Әйел-ол да ерек секілді ет пен сүйектен жаратылған адам. Олай болса, адамның құқығы заңға сай қорғалу міндетті. Дей тұра бүгін көтерілген ұрандардың кейбіріне қосыла алмаймын. Олар-«ана болу міндет емес, өз жатырым-өз ережем» деген түсініктегі ұрандар. Бұл-сол сансыз тозақта қазақты аман алып қалған батыр аналардың ұстанымдарына қарсы ұрансымақ. Бұл біздің қоғамда насихатталатын дүние емес. Қазақ әйелі ана болудан бас тартса, аз ғана қазақ, аз ғана Алаш баласы қалай көбеймек?! Қалай мына ел сақталынып қалмақ?! Қазақтың жолы бұл емес.

Қазақтың отбасы үлкен, баласы көп, ері де, әйелі де қызмет ететін, бір-бірін сыйлап түсінетін, бір-бірін құрметтейтін, сүйетін, білімге ұмтылатын бақыт ордасы болуға тиіс. Қазақ әйелі-ғажап жаратылыс иесі. Қазақ әйелі тек бала туып, үйден шықпай отыратын Таяу Шығыстың бейбағы емес. Қазақ әйелі «бала керек болса, өзің тауып ал» деп, еріне аш қасқырша атылатын да жан емес. Қазақ әйелі-ол өзінің ерекшеліктерімен ерекшеленген қазақ әйелі...

СИҚЫМБЕКТИҢ  
Алтынбайы.

Спорт

БЕСПРЕЦЕДЕНТНҮЙ ШАХМАТНҮЙ МАРАФОН  
ПРОДОЛЖИЛСЯ В АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

В это субботнее утро во дворе и самом Доме культуры села Бесагаш Талгарского района было многолюдно. Здесь проходил отборочный этап Кубка «Senat Open» по шахматам, куда съехались более сотни участников и приглашенных гостей. В фойе ДК местный фольклорный ансамбль встречал людей в красочных костюмах и игрой на национальных инструментах.

В актовом зале зрителям продемонстрировали видеоролик о спортивных достижениях Алматинской области. С приветственной видеоречью к участникам обратился президент Казахской шахматной федерации Тимур Турлов, известный бизнесмен, финансист, меценат, владелец компании Freedom Holding Corp.

Приведем выдержки из его выступления: «...В вашем регионе стартует беспрецедентный по своим масштабам, отборочный этап шахматного турнира «Senat Open». По всей стране примут участие около трех тысяч человек. Сегодня шахматы - полноценный вид спорта, требующий от игроков высокой концентрации внимания, стратегического мышления, тактики и тренировок. Рад, что вы являетесь одними из популяризаторов этой замечательной игры. Хочу поблагодарить председателя Сената Маулену Сагатхановича Ашимбаева за под-

держку этой инициативы, а акимат области и маслихаты всех уровней за помощь в организации турнира. Пусть победит сильнейший! Алға, достар!» Далее ведущий предоставил слово председателю Алматинского областного маслихата Куату Байгоджаеву. Он также отметил особую значимость турнира «Senat Open» по шахматам, посвященного 30-ти летию казахстанских маслихатов.

«В Алматинской области уделяют очень большое внимание развитию спорта, почти 17 млрд. тенге выделено на его поддержку. Здесь и строительство новых спортивных объектов-комплексов, спортивных площадок, базы олимпийской подготовки и т. д. Шахматы один из приоритетных видов игры, который, наряду с национальной игрой тогыз кумалак, безусловно, получит приоритетное внимание со стороны государства, рост интереса к нему среди населения и молодежи.

Успехи казахстанских шахматистов в мире вызывают неподдельную гордость за наше молодое поколение. Мы будем также поддерживать развитие шахмат в школах и других

на партию дается не более 10 минут. Все это имеет цель реализации Послания нашего президента Касым-Жомарта Кемелевича Токаева - раскрытие потенциала ка-



учебных заведениях», - сказал Куат Байгоджаев.

Также на открытии выступили: советник КФШ Олег Рябенко, председатель общественного Совета Алматинской области Ескельды Касымов, главный судья турнира Дмитрий Благодаров.

Руководитель Алматинского областного филиала Федерации шахмат Казахстана Сарсенгали Джанкуатов вашему корреспонденту сказал следующее: «Это соревнование инициировано республиканской Федерацией шахмат при поддержке Сената Казахстана. Шахматный марафон пройдет во всех регионах Казахстана и 25 человек получат право выступить в полуфинале в Астане, за главный приз - Кубок Сената.

В сегодняшнем турнире принимают участие депутаты маслихатов, члены советов общественности, госслужащие, представители СМИ, ветераны, любители шахмат. Всего около 100 человек. Каждому

захстанцев, молодежи, стремление быть образованной, патриотичной, трудолюбивой и целеустремленной нацией».

По итогам турнира, как нам сообщил судья соревнований Карлыгаш Сейтов, результаты следующие: «В командном зачете 1 место заняли шахматисты Талгарского района, 2 место - команда Карасайского района и 3 место - Илийского района.

По индивидуальному результату «золото» завоевал Адильбек Шапагат из Райымбекского района, «серебро» - Ахат Солтанкулов из Талгарского района, «бронзу» - Тургали Жолдасов из Карасайского района.

По номинациям места распределились так. Среди депутатов лучший результат показал Денис Катилевский из Илийского района, среди членов общественных советов - Сурат Сайдулаев из Енбекши-казахского района, среди работников СМИ - Амангельды Джолманов

из Талгарского района. Среди женщин победительницей номинации признана Сапаркуль Серкебаева из Карасайского района. Лучшим из числа ветеранов стал Нурадиль Алиев из Талгарского района. 25 человек прошли в следующий тур и представят наш регион в полуфинале в Астане. Победители в командной и индивидуальной номинациях награждены грамотами и медалями. С чем их всех поздравляем!

Вот что сказал областной газете «Алатау Ардагері» советник президента шахматной федерации Олег Рябенко: «В текущем году Казахская федерация шахмат будет проведено 60 турниров. Наряду с этим большое внимание уделяется корпоративным мероприятиям. Однако Кубок Сената занимает в этой деятельности особое место. На моей памяти никогда ранее в одном турнире не принимало участие более 3 тысяч человек, среди которых депутаты, журналисты, общественники, ветераны. Турниры пройдут абсолютно в каждой области Казахстана. Особо хочу отметить, что уровень организации турнира в Алматинской области соответствует высокому уровню этого первенства, а большое количество прибывших в Бесагаш участников свидетельствует о популярности шахмат в регионе. Что не может не радовать».

Рамазан ЕЛЕШЕВ,  
с.Бесагаш, Талгарский район

АЛАТАУ  
Ардагері

Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

БАС РЕДАКТОР:

Роза Айдарбекова  
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:

Алтынбай Сиқымбек  
Тел.: 8 705 965 3661Рамазан Елешев  
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Бошақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 23-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.

«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 6200

Тапсырыс №821

Индексі – 65472.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:  
«Ардагер ұйымы»  
Республикалық қоғамдық бірлестігі  
Алматы облыстық филиалы  
Директор:  
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ